

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

*«Жас ғалым» шығармашылық тобының  
жұмыс жоспары*

Жетекшісі Жортинбаева Ф.Г.

2023-2024 оқу жылы



**«БЕКІТЕМІН»**

**Мектеп директоры**

**Г.З.Кембебаева**

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылындағы  
«Жас ғалым» шығармашылық тобының  
дарынды балалармен жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Дарынды балаларды анықтау. Оларды шығармашылыққа, ғылыми-зерттеу жұмысқа, жоба қызметіне тарту.	Жыл бойы	ДОТІЖО
2	Қосымша білім және үйірмелер ұйымдастыру	Жыл бойы	ДОТІЖО
3	Оқушылардың ғылыми-зерттеу конференцияларына қатысу	Жыл бойы	ДОТІЖО
4	Пән апталығының аясындағы зияткерлік ұйымдар	Жыл бойы	ДОТІЖО Пән мұғалімдері
5	Ғылыми –практикалық конференцияға қажетті материалдар дайындау, консультация , жұмыстарын рәсімдеу, дайындау	Жыл бойы	ДОТІЖО Пән мұғалімдері
6	Координациялық, ресми түрде қабылданған инновациялық жаңа оқыту әдістемелерін енгізу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
7	Әдістемелік күндер өткізу	Жыл бойы	ДОТІЖО
8	Олимпиада, байқау, сайыс, конференция жүлдегерлерін марапаттау	Жыл бойы	ДОТІЖО
9	Дарынды балаларға көмек көрсету	Жыл бойы	ДОТІЖО Мектеп психологы
10	Дарынды балалармен жұмыс бойынша қоғамдық ұйымдарымен және бірлестіктермен қарым-қатынасты ұйымдастыру	Жыл бойы	ДОТІЖО
11	Әр түрлі бағыттағы және деңгейдегі жобалармен байқауларға қатысу.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері,
12	«Кенгуру», «Ақбота» халқаралық конкурстық ойынына қатысу және «Русский медвежонок-языкознание для всех» ресейлік конкурсына қатысу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері, ДОТІЖО

13	Дарынды балаларды дамыту және дайындау максатында пәндерден жеке және топтық сабақтарды, факультативтерді іріктеп дайындау.	Тамыз-Қыркүйек	ДОТЖО
14	Оқушылармен ғылыми-зерттеу және жобалау қызметінің ұйымдастыру бойынша мұғалімдер үшін семинар ұйымдастыру және өткізу, мұғалімдерге консультация жүргізу	Қыркүйек, қараша, ақпан, сәуір	ДОТЖО
15	Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер үшін психологиялық ұсыныстар, тестер жасау	Қыркүйек	Мектеп психолог
16	Интеллектуалды пәндер марафоны	Қазан	ӘБЖ
17	Мектептегі пән бойынша олимпиадалар	Желтоқсан	ДОТЖО
18	Аудандық пәндер олимпиадасына қатысуға дайындық	Желтоқсан	Пән мұғалімдері, ДОТЖО
19	Аудандық пән олимпиадаларына қатысу	Желтоқсан	ӘБЖ
20	Аудандық және мектеп олимпиадаларының қортындысына сараптама	Қаңтар	ДОТЖО
21	Жеке консультациялар және зерттеу жұмыстарының аяқталуы	Ақпан	Пән мұғалімдері
22	Дарынды балалармен кеңес қызметінің жұмысы. Дарынды балалардың денсаулық жағдайы.	Ақпан	Медқызметкер.
23	«Дарынды балалармен жұмыс презентациясы» айлығы. Пән әдістемелік бірлестіктерінің дарынды балалармен жұмысы.	Сәуір	ДОТЖО ӘБЖ
24	Жетістіктер қорытындысы. Ғылым және шығармашылық апталығына ұсынылған тақырыптық жұмыстар жинағын шығару	Мамыр	Пән мұғалімдері, ДОТЖО
25	Келесі оқу жылын жоспарлау	Мамыр	ДОТЖО

«Жас ғалым» шығармашылық тобының жетекшісі

Ф.Г.Жортинбаева



### ***ДАРЫНДЫЛЫҚ ҮШ ПАРАМЕТРМЕН АНЫҚТАЛАДЫ:***

1. Танымдылық жеке дамуы.
2. Психологиялық дамуы.
3. Физикалық дамуы.

### ***ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТАҢДАУДА НАЗАР АУДАРАТЫН ЕРЕКШЕЛІКТЕР:***

1. Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлайды.
2. Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықлас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады.
3. Дарынды оқушылардың физикалық тұлғадан ерекшелігі дамудағы шапшаңдылық ақындарша сөйлеуі жиі-жиі берілуі қиял-күйінің басым түсуі.
4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі адамгершілік сезімдерінің ерте дамып жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы.

### ***ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАҒАНДА ТӨМЕНДЕГІ ФАКТОРЛАРДЫ ЕСКЕРУ КЕРЕК.***

1. Жас ерекшелігі.
2. Тұлғалық ерекшелігі.
3. Экспериментатордың тұлғалық ерекшелігін.

### ***ДАРЫНДЫ ЖӘНЕ ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАРДЫҢ БЕС СИПАТТАМАСЫ:***

1. **Дарынды және талантты балалардың қалай оқитынының сипаттамасы**
  - Ақпаратты шұғыл өңдейді
  - Зияткерлік тапсырмаларды ұнатады
  - Кең ауқымды білімді пайдалана алады...т.б.
2. **Креативті ойлаудың сипаттамасы**
  - Ерекше нәрселерді іздейді
  - Басқа біреуден ерекше болуға қорықпайды
  - Өзілшіл
3. **Ынталандыру сипаттамасы**
  - Табанды және жұмыспен бар ынтасымен шұғылданады
  - Жеке жетістіктердің жоғары стандарттарына ұмтылады
4. **Қоғамдық көшбасшылық сипаттамасы**
  - Құрбы-кұрдастар құрметтейді
  - Басқалармен жылдам тіл табысады
5. **Табандылық сипаттамасы**
  - Өктем пікірлерге кекесінмен қарайды
  - Жоғары сынып оқушыларымен, ересектермен тіл табысады, олардың ортасында жиі болуға тырысады

- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.
- сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу
- оқушы дарындылығының моделін білу;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;
- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;
- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі

### ***Дарынды балаларды айрықша оқшауландыратын ерекшеліктер:***

- ақыл-ой еңбегіне бейімділік,
- жоғары зерттеушілік қабілеті мен танымдық мотивация,
- білімі,
- жаңа хабарды ұдайы қабылдауға ұмтылыс яғни танымдық қажеттілік.

Бақылаулар көрсеткендей, жоғары танымдық қажеттілік баланың өз талпынысымен болады.

- Дарынды балалар қиын тапсырмаларды құштарлықпен оңай орындайды.
- Дайын жауаптарды ұнатпайды.

### ***ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?***

- Балаларның пәнге қызығушылығын, білуге құштарлығын нақты анықтау.
- Балаға тапсырманы деңгейлеп беріп, зейінін тұрақтандыру қажет.
- Баланың мінезін – құлқын ерекшелігін білу. (Нені ұнатады, нені ұнатпайды, қай кезде білімді жақсы меңгереді, қай кезде шаршайды? т.б)
- Баланың бір қалыпты, жүйелі жұмыс жасауына көңіл бөлу.
- Берілген тапсырманы бірлесе талдау.
- Бала қызығушылығына қолдау көрсету, орынды кеңес бере білудің маңызы зор.

### ***ДАРЫНДЫ БАЛАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ:***

1. Интеллектуалдық сферасы.
2. Білімділік өрісі
3. Ойлау қабілеті ерекшесі тұрақты, қызығуы мол, кейде бір іспен айналысса тоқтай алмайды, өз ойын ерте жеткізеді.



## **ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫС**

### **ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ МАҚСАТЫ:**

Заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын мақсатқа жету үшін еңбектеніп білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

### **МІНДЕТІ:**

- Жекелеген пәндерден балалардың дарындылығын айқындау.
- Дарынды және ерекше қабілетті балалардың ізденуіне жағдай жасау.
- Оқушының ақыл – ой қабілетін жетілдіру;
- Шығармашылық жеке дарындылығын арттыру;
- Қабілетті оқушымен жеке жұмыстар жүргізу арқылы білімі мен ой ерісін әрі қарай дамыту, білім сапасын арттыру.
- Техника саласындағы қабілетті балалардың келешегіне бағдар беру.

### **КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ**

- Оқушыларды өз тілінде жатық сөйлеуге, кез-келген ортада қарым-қатынасқа түсе алуға даярланады;
- Кестелі, бейнелі тілдік сөйлеуді қолданады;
- Өзіне тән стильдік ерекшелігі қалыптасады;
- Сөз бояуын құбылта алады.
- Ойын анық, дәл, шешен тілмен жеткізеді.
- Сөзі ой мен сезімге әсер ететін мағыналы сөздік тұлғаларды қолданады;
- Әдеби тілдік нормаларды ұтымды қолданады.
- Жағдаяттардан жол тауып шыға алады.

### **ДАРЫНДЫ БАЛАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА МҰҒАЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;